

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ДӘУІРІНДЕГІ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сейдина Молдир Зикировна,*  
PhD доктор,  
*Сагиндиков Исатай Умирзакович,*  
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, п.ғ.к.,  
Нұр-Сұлтан қ.

##### Аннотация

Өзектілігі: Ыбырай Алтынсарин дәуіріндегі үздіксіз білім берудің маңызды мәселелері ХХІ ғасырда да өзіндік құндылыққа ие болып табылады. Ұрпақтар сабақтастығында ұрпақтан ұрпаққа жеткізу мақсатында әрбір өркениетті мемлекеттің тарихи құндылықтары мен жәдігерлерін сақтау өзекті.

Мақсаты: Қоғам дамуымен үнемі өзгеріп отыратын үздіксіз білім берудің мәселелерін Ыбырай Алтынсарин дәуіріндегі құндылықтармен сабақтастыру.

**Түйінді сөздер:** Ыбырай Алтынсарин, білім беру, үздіксіз білім беру, Ыбырай Алтынсарин еңбектері, құндылық.

##### Аннотация

Актуальность: Важнейшие проблемы непрерывного образования в эпоху Ибрая Алтынсарина имеют свою ценность и в ХХІ веке. В целях преемственности поколений актуальным является сохранение исторических ценностей и реликвий каждого цивилизованного государства.

Цель: Преемственность вопросов непрерывного образования, постоянно меняющихся с развитием общества, с ценностями эпохи Ибрая Алтынсарина.

**Ключевые слова:** Ибрая Алтынсарин, образование, непрерывное образование, труды Ибрая Алтынсарина, ценность.

##### Abstract

Relevance: The most important problems of continuing education in the era of YbraiAltynsarin have their value in the ХХIst century. In order to ensure the continuity of generations, the preservation of historical values and relics of each civilized state is urgent.

Goal: Continuity of issues of continuing education, constantly changing with the development of society, with the values of the era of Ybrai Altynsarin.

**Keywords:** Ybrai Altynsarin, education, continuing education, works of Ybrai Altynsarin, value.

Қазіргі жаһандық жағдайында еліміздің білім беру жүйесін әлемдік талаптарға сай қайта жаңғыртудың басты мақсаты – заманауи сұранысқа төтеп бере алатын болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Өзінің ұлттық болмысын, тарихи құндылықтары мен қазахи жәдігерлерін сақтай отырып ұрпақтар сабақтастығында ұрпақтан ұрпаққа жеткізу әрбір өркениетті мемлекеттің өзекті мәселесі екендігі сөзсіз. Өйткені, қоғам дамуымен бірге үнемі өзгерісте болып, үздіксіз жетілдіріліп отыратын жүйе – білім беру жүйесі.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбындағы тарихи маңызы бар мақаласында жаһандану кезеңінде әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттырып, сондай-ақ білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс бағыттарды анықтап берді [1]. Халқымызды біріктіретін ұлттық құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз ата-бабаларымыздың сан ғасырлық мұрасының қазіргі заманауи цифрлық өркениет жағдайында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету және төл тарихын білетін, бағалайтын, мақтан ететін халықтың болашағы зор екендігін нақты тұжырымдады.

Әрбір ұлы дәуірде тарих пен мәдениеттің, білім мен ғылымның қоғам дамуына өзгерістер әкеліп ықпал еткен тарихи тұлғалар аз болмаған. Осындай тарихи тұлғалардың бірі – қазақ даласында білімнің әртүрлі бағыттары бойынша білім беретін алғашқы зайырлы мектептердің негізін қалаған ағартушы ғалым, ұстаз Ы.Алтынсарин.

Ы. Алтынсарин өз заманында саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік кұбылыстар жағдайында үздіксізтәрбие, оқыту және білім беру мәселелеріне қатысты көзқарастарын баяндайтын публицистикалық мақалалары, оқу-әдістемелік кұралдары мен ағартушы ғалымның өз заманындағы ғалымдармен, ағарту саласына үлес қосқан атақты тұлғалармен, рухани достарымен, мұғалімдермен сыр шерткен хаттары қазіргі дәуірде тарихи мәні зор, өзектілігін жоймаған мәдени кұндылық болып отыр.

Ғалымның өз қолымен жазылған қызметтік іс-қағаздар, қазақ даласында мектеп ісін жолға қою туралы ұсыныстар, сын-ескертпелер мен ресми хаттар, ғылыми шығармалар мен еңбектер елімізде ресми мектептердің қалыптасып дамуынан тарихи нақты ақпараттар бере отырып, Ы. Алтынсариннің үздіксіз білім беру жүйесінің іргетасын заманауи мектептердің бағыттарымен қалағандығын көрсетеді (кесте 1).

Кесте – 1. Ы. Алтынсарин заманындағы ашылған мектептердің заманауи бағыттармен сабақтастығы

Атауы	Бағыттары	Қазіргі үздіксіз білім берумен сабақтастығы
2 сыныптық уездік училищелер (қазақ-орыс, 6 жылдық)	а) 1881 ж. – Торғай ә) 1881 ж. – Николаев б) 1881 ж. – Ырғыз в) 1881 ж. – Елек	Ы. Алтынсариннің кұнды мұралары қазіргі қазақ мектебінің мақсаттары мен міндеттеріне, білім мазмұнын қалыптастыруға, шетел тілдерін оқыту үдерісіне, мұғалімнің кәсіби шеберлігін көтеруге, шалғайда орналасқан шағын жинақталған мектеп пен мектеп-интернаттарға, білім берудегі инклюзия қағидаларына қатысты көптеген мәселелерде терең тарихи сабақтастық бар екенін көрсетеді.
Сыныптас болыстық-қалалық мектептер (қазақ-орыс, 4 жылдық)	а) Қараторғай (Торғай уезі) ә) Қарабұтақ (Ырғыз уезі) б) Обаған (Қостанай уезі) в) Бөрте (Ақтөбе уезі) г) Жетіқара (Қостанай уезі)	
Қалалық орыс тілді мектептер	а) Қостанай ә) Ақтөбе	
Қолөнер мектептері	а) Торғай қолөнер мектебі, 1883 ж. ә) Ауылшаруашылық мектебі	
Қыздар мектебі	а) Ырғыз, 1888 ж.	
Ауылдық мектептер		

Сонымен бірге, Ы. Алтынсариннің еңбектерін зерделеу барысында техникалық, ауыл шаруашылық және әйелдер мектептерін ашудағы көтерген мәселелері де үздіксіз білім беру жүйесінде маңыздылығын көрсетеді: *Біріншіден*, қазақ халқының жаңа білімді алуда сауат ашудыәліппеден басталуы қажет екендігін көрсетуі. Бұл бастауыш қазақ-орыс мектептерінде әліппенің болуы жас ұрпақ үшін маңызды кұндылық екендігін айқындайды; *Екіншіден*, империяның жеке бөлімдерін бір-бірімен жақындастыруда халықтың өз ортасында ашылған мектептерде орыс тілін оқытудың қажеттілігін негіздеуі. Бұл қазақ жастары үшін орыс тілі мен жазуын білім алу аясын кеңейтудің тілі ретінде оқып-үйренуде халықтың экономикалық-әлеуметтік тұрмысына пайдалы ықпалын тигізеді; *Үшіншіден*, Қазан университетіндегі жеңілдіктер туралы зерделеуі. Бұл қазақтарға жоғары білім алуда болашақ үшін кәсіби білімнің үздіксіз білім берудегі маңыздылығын көрсетті.

Сонымен Ы. Алтынсарин дәуіріндегі үздіксіз білім берудің маңызды мәселелері қазіргі уақытта да кәсіби сабақтастықты нақтылай түседі (сурет 1).



Сурет 1. – Үздіксіз білім берудің маңызды мәселелерінің заманауи сабақтастығы

«Егер білім алушы бірдеңені түсінбейтін болса, онда педагог оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс», – деп Ы. Алтынсарин өз заманында тұжырымдаған нақыл сөзі «маман», «білім алушы», «педагог» ұғымдарының өзара тығыз байланысын көрсетеді. Білім алушының маман болуына тікелей педагогтің құзыреттілігіне қоятын талаптарды нақты болжай білді.

Ы. Алтынсариннің орыс миссионері, түркітанушы, Қазан университетінің профессоры, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Н.Н.Ильминскийге және оның жұбайы Е.С.Ильминскаяға, лауазымды шенеуніктер А.А.Бобровниковке, В.В.Катаринскийге, қазақ даласындағы мектептерге арнайы шақырылған орыс мұғалімдері А.Мозохинге, Ф.Соколовқа жүйелі түрде жазған хаттарындағы маңызды мәселелер – қазақ даласындағы мектептердің оқу жұмысының жалпы жағдайын, жұмыс нәтижелерінің нақты статистикалық есебін, оқу-тәрбие жайын, оқу құралдары мен шаруашылық жағдайларын, Торғай облысы басқармасына қарасты мектептер, ондағы оқушылар мен оқытушылар туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді, мектепті тексеру нәтижелерін, жұмсалған қаражат туралы есеп-қисаптарды және т.б. қамтиды.

Ы. Алтынсарин өз заманының ғұламалары К.Д.Ушинскийдің, Л.Н.Толстойдың, Н.И.Паульсонның шығармаларындағы тәрбие мен білімге, мәдениет пен ғылымға деген көзқарастарды байланыстыра отырып, сол замандағы қазақ мектептері үшін құнды ұсыныстар мен еңбектер жазды. Ағартушының еңбектерін үлкен үш топқа біріктіруге болады (Сурет 2).



Сурет 2. – Ы. Алтынсарин еңбектерінің бағыттары

Ы. Алтынсарин еңбектерінің бағыттары қазіргі уақытта «жаратылыстану-математикалық», «қоғамдық-гуманитарлық» салаларда өзектілігін аша түседі.

Ы. Алтынсариннің аса құнды еңбектерінің бірі – 1879 жылы жарыққа шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» төрт бағыттағы мазмұнды қамтиды [2]:

- оқушылардың туған еліге деген сағыныш хаттарының үлгілері, өлеңдері, балалар әңгімелері, ертегілер;
- ересектерге арналған әңгімелер;
- ауызша шығармалардың үлгілері;
- мақалдар және мәтелдер.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» 1879 жылы Орынбор қаласында 8 тарау, 3 кезеңмен жарыққа шыққаны мәлім [3].

*Бірінші кезең:* «Сөздің алғашқы түбірі арқылы ауызша сөйлеуді дамыту».

Сабақтың үлгісі үш сатыдан құралады: шығармамен жұмыс; жинақтау және бекіту; жаттығу және тәжірибе. Негізгі қолданылған әдістер: пәндік және аудармалық.

Ана тілін «оқу» және «жазу» дағдылары арқылы грамматикадан төмендегідей сөздер тізбесін меңгереді:

- пән;
- іс-әрекет;
- пәндердің белгілері;
- есімдік;
- сан есім.

*Екінші кезең:* «Әліппе бойынша оқыту».

«Оқу» дағдысы «айтылу» іс-әрекеттерінде жүзеге асырылып, әліппе мәтіндері бойынша жазбаша жаттығулар мен логикалық мәтінді түсінеді.

«Жазу» дағдысы «әріптің құрамы» және «таза жазу үлгісі» іс-әрекеттерінде жүзеге асырылып, грамматикалық түрін меңгереді.

Тәжірибеде орыс тілінен және қазақ тілінен аудармаларға көңіл бөлінеді.

*Үшінші кезең:* «Оқуға арналған кітап».

«Оқу» дағдысында сөйлемдерді дамыту мен грамматикалық түрін үйрену жүзеге асырылады.

«Жазу» дағдысында «таза жазу» іс-әрекеті көшіру арқылы, ал «жазбаша жаттығулар» грамматикалық түрі бойынша меңгеру және қазақ және орыс тіліне аудармалар арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы қазақ даласындағы алғашқы кітапханалардың ашылуына да ағартушы ғалым Ы.Алтынсаринның ықпалы болғаны туралы деректер де кездеседі. 300 кітаптан құралған қоры бар алғашқы кітапхана 1883 жылы Ырғыз қаласындағы мектеп жанында ашылып жұмыс жасай бастаған.

1888 жылдан бастап Ырғыздағы әйелдер гимназиясына Ы. Алтынсаринның және жергілікті ұлт өкілдерінің ықпалы бойынша қазақ қыздарын қабылдап оқыта бастаған. Ы.Алтынсарин екі кластық орыс-қазақ училищесінің оқу процесін жасағанда, сол кездегі орталау дәрежедегі орыс мектептерінің оқу бағдарламасын басшылыққа алған. Қыздар мектебінің оқу жүйесін де сол ізбен құрған, яғни мектепте әліппе, география, бөлшекке дейінгі арифметика, сызу, қысқаша орыс тарихы, жаратылыстану сабақтары оқытылған. Мұнда қыздарды машинкамен іс тігу өнеріне де үйреткен. 1888 жылдың басында Ы.Алтынсарин Торғай уездік оқу округының попечителіне кіріп, Ырғыздағы қыздар училищесінің жанынан қазақ қыздары бөлімін ашу туралы мәселе қояды. «... мұндағы негізгі міндет – қазақ қыздарын сәнді-салтанатты өмірге баулу, үйрету емес, орысша, қазақша азды-көпті білім беріп, оқуға, жазуға үйрету, еңбекке, қолөнеріне (іс тігу, тоқыма өнері, т.б.), үй шаруашылығына баулу, қысқасы, болашақ отбасының бақытын өз қолымен жасай алатын адамды тәрбиелеп шығару», – деп мәлімдейді архив құжаттары.

Қазақ даласындағы Ы. Алтынсарин мектептерінің тарихын, оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын зерттей келе, сол кездерден бастап қалыптаса бастаған ағартушылық саясатпен қазіргі XXI ғасырдағы білім беру саласындағы жаңғыртулар арасында терең сабақтастық бар екенін де байқауға болады, атап айтқанда:

- оқытудың заманауи өмірмен байланысын күшейту;
- білім алушылардың қызығушылықтарына сәйкес оқыту материалдарын жеңілден күрделендіріп құру;
- білім беру мазмұнындағы ұлттық құндылықтарды баланың жас және дара ерекшеліктеріне сай дәріптеу;

- жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының тетіктерін ашу;

- білім мен ғылым шеңберін кеңейту аясында шетел тілдерін оқыту;

- оқу-тәрбие процесінде ұлттық тәрбие түрлерін дәріптеу және т.б.

XIX ғасырдағы қазақ даласындағы мәдениетті жаңғыртуға үлкен өзгерістер әкелген, өзіндік тарихи орны бар Ы.Алтынсарин мектептерінің мұралары өз құндылығын жоғалтпай, қазіргі цифрлық өркениет заманына қарай бейімделген үздіксіз білім беру жүйесінің келесі басым бағыттарымен сабақтасып өзіндік тенденциялық көріністерге ие болып отыр:

- *Білімділік* – ғылымнегізде теориялық білімдерді практикалық дағдыларға үйрететін пәндік материалдарды жүйелеу;

- *Іс-әрекеттілік* – заманауи қоғамдық өмірмен іс-әрекетке түсуге мүмкіндік беретін білімді меңгерудегі өзіндік білім алу және оны тәжірибеде қолдану жолдарын үйрену;

- *Құзыреттілік* – әлеуметтік талаптарға жауап беруде мәселелерді шешуге және оларды жүзеге асырудағы кәсібилік.

Қорытындылай келе, Ы. Алтынсарин дәуіріндегі көтерілген мәселелер ұрпақтар сабақтастығында маңыздылығын жоймайды, ғасырлар тоғысында тарихи мәнін алып отырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. 5 қаңтар 2021 ж.
2. Алтынсарин Ы. «Қырғыз хрестоматиясы» – Алматы: Білім. 2003 – 112 б.
3. Алтынсарин Ы. «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» – Алматы: Білім. 2002 – 105 б.

#### ХОРОШИЙ НАСТАВНИК: ГРАНИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

*Бережнова Елена Викторовна,*  
д.пед.н., профессор кафедры мировой литературы и культуры,  
*Шапошникова Наталья Юрьевна,*  
старший преподаватель кафедры английского языка,  
Московский государственный институт международных отношений (университет)  
Министерства иностранных дел Российской Федерации,  
Одинцовский филиал, г. Москва, Россия

#### Аннотация

Өзектілігі: Мақаланың өзектілігі авторлардың Ы.Алтынсарин мұрасының ең маңызды ережелерінің біріне жүгінуіне байланысты – әлемдегі ең жақсы мұғалімді (тәлімгерді) бағалау.

Мақсаты: Педагогикалық қоғамдастықтың назарын оқу функцияларын игерумен және білім беру процесін дараландырумен байланысты жақсы педагогтарды кәсіби даярлаудағы жаңа аспектілерге аудару.

**Түйінді сөздер:** мұғалім, тәлімгер, тьюторлық сүйемелдеу, оқытушының тьюторлық функциялары, білім беруді ізгілендіру, білім беру процесін дараландыру.

#### Аннотация

Актуальность статьи обусловлена обращением авторов к одному из важнейших положений наследия И. Алтынсарина – ценить дороже всего на свете хорошего учителя (наставника).

Цель: привлечь внимание педагогического сообщества на новые аспекты в профессиональной подготовке хороших педагогов, связанные с освоением тьюторских функций и индивидуализацией образовательного процесса.

**Ключевые слова:** учитель, наставник, тьюторское сопровождение, тьюторские функции преподавателя, гуманизация образования, индивидуализация образовательного процесса.